

Жаңаталап елді мекені

Бөрлі ауданының солтүстік шығысында Елек өзенінің жағасында орналасқан Жаңаталап елді - мекені үлкен хазіреттердің ауылы болған. “Хазірет” деп әдетте дін ілімін терең білген, елге елеулі азаматтарды, имамдар мен ғалымдарды атаған.

Жаңаталап ауылында жеті атасы бірдей атақты хазірет тұрған. Бұл мекен кезінде «Хазіреттер шаһары», «Хазірет шарт», «Хазірет Шаһараб» деп те аталған. Ел аузындағы “Қазекеш шәрі” деп аталып кеткен осы жер. Негізі халық «Қазекеш шәрі» деп Макарим хазіретті атаған. Жаңаталапта сол хазіреттер салған кітапхана, мешіт, медресе, жатақхана болған. Бұл ғимараттар кірпіштермен қорған болып қоршалған. 1930 жылдары революциядан кейін жергілікті тұрғындар мешіт, медресе, жатақхананы бұзып, құрылыс материалдары ретінде пайдалануға үйлеріне алып кеткен.

1935 жылы «Жаңаталап» колхозы (кейін Қарасу ауылдық кеңесі) болып құрылады. Ел ішінде көзі қарақты адамдар көптеп кездеседі. Бұл жеті Хазірет ел қатарлы жай сауатты адамдар ғана емес, тарих бетінен орын алуға лайықты азаматтар болған. Олардың елеулі қызметтері, әулиелері әлі күнгі ел аузында және өз ұрпақтарының жадында сақталып келеді. Хазіреттер жыл сайын өз қаражаттарына 500 - 600 адамның діни сауатын ашқан. Мұнша адамды жыл сайын оқытып шығарғанына қарағанда олар тек сауатты ғана емес, бақуатты да бай адам болғаны айтпаса да белгілі. Жаңаталапта тұратын Қазекеш есімді қарт мұнда көптеген адамдар құран оқып үйренгенін және облыс көлемінде хазіреттердің көпшілігі осы хазіреттердің шәкірттері екенін баса айтты. Білетіндер есімдері елге әйгілі Дәден ата, Мүсіреп әулие, Құдайқұл ата секілді әулиелер де сол хазіреттердің шәкірттері болған деседі. Мазарат басындағы тастарды оқып көргеніде, сөз болған жеті хазіреттердің есімдері көне араб тілінде жазылған құлпытас беттерінен шықты. Олар Макарим, Сәлімгерей, Мағалым, Жәлеледден, Ширажедден, Мауарин, Машарып. Бұл хазіреттердің руы табын, Қадырбек бөлімінің Сүйіндік атасы.

2007 жылы 11 тамызда сол хазіреттердің барлық ұрпақтары жиналып, Жаңаталап елді- мекенінде жүзден астам адамға садақа берді. Сол садақаға хазіреттердің 40 шақты ұрпағы келіп қатысқан. Олардың арасында Құсман, Абзал, Рамазан, Абыл, Арман, Серік, Руслан деген азаматтар бар. Дейтұрғанмен мұнда көненің көзіндей болып сақталып қалған тарихи ескерткіштер де бар. Соның бірі – ауыл шетінде орналасқан II ғасырлық

тарихы бар ескі мешіттің кітапханасы. Сол Хазірет молданың бір ұрпағы – Рамазан деген азамат 2007 жылдың жазында көне мешітті күрделі жөндеуден өткізіп, халық игілігіне ұсынды. Мешіт қорғаны ішінде мәрмәр тақта орнатылып, оған Хазірет молдадан тараған ұрпақтардың есімдері жазылған.

Тәуелсіздік алғанан бері ауылдың жағдайы едәуір жақсарды. Қазіргі таңда шаруашылықтың өсу-өркендеу жақсы деңгейде. Орталығы Успен селолық округі. Жаңаталап ауылда 103 үй, 375 адам тұрады. 2006 жылы ауылға көгілдір отын кіргізілді. 2009 жылы Қарасу мектебі күрделі жөндеуден өтті, ауыл кітапханасы, мәдениет үйі, медициналық пункт халыққа қызмет етеуде. 2015 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша әр үй ауыз сумен қамтылды. «Елу жылда – ел жаңа» дегендей, жыл өткен сайын ауылымыздың жағдайы жақсарып, кескін-келбеті өзгеріп келеді.

«Бөрлі жаршысы» №24, 22.06.2017

Келмуханов Мәди Бисенбаевич